

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 9 шілдедегі N 183-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы Конституциялық заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы «9 шілдедегі
N 183-ө өкімімен

бекітілген

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы"
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын іске
асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық
актілердің тізбесі**

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1.	Мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	

				2007 жылғы тамыз
2.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтінін орналастыру ережесін бекіту туралы	Қазақс-т а н Респу-бликасы Үкіметі-н і ң қаулысы	Қазақс-т а н Респу-бликасы Мәдениет және ақпарат министр-лігі	2007 жылғы тамыз